

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына норма шығару қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 21 қазандағы N 81 Заңы

1-бап. "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 2-3, 25-құжат; 2001 ж., N 20, 258-құжат; 2002 ж., N 5, 50-құжат; 2004 ж., N 5, 29-құжат; N 13, 74-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1 - б а п т а :

12) тармақша 15) тармақша болып есептеліп, "ресми мәтіндерін кейіннен жариялау" деген сөздер "мәтіндерін кейіннен ресми жариялау" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12), 13), 14) тармақшалармен толықтырылсын:

"12) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі - олар туралы мәліметтер Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілген нормативтік құқықтық актілердің (өзгерістері мен толықтыруларын қоса) қағазға басылған мәтіндерінің жиынтығы;

13) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімі - нормативтік құқықтық актілердің реквизиттерін және осы актілер туралы ақпараттық-анықтамалық сипаттағы басқа да мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік есебінің бірыңғай ж ү й е с і ;

14) нормативтік құқықтық актіні ресми жариялау - нормативтік құқықтық актінің толық мәтінін ресми және мерзімдік баспа басылымдарында жалпы жұрттың назарына салу үшін жариялау;"

2) 1 4 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары заң жобасын дайындау жөніндегі жұмыс тобының жұмысына кез келген сатыда қатысуға құқылы.";

2-тармақ "қызметкерлер" деген сөзден кейін ", қоғамдық бірлестіктердің өкілдері" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 16-баптың 7) тармақшасындағы "күнін" деген сөз "күні мен нөмірін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 17-баптың 9-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Нормативтік құқықтық актіде пайдаланылатын терминдер мен анықтамаларды

нақтылау қажет болған жағдайда оған олардың мәні түсіндірілетін бап беріледі. Мемлекеттік тілдегі нормативтік құқықтық актіде терминдер мен анықтамалар әліпбилік ретпен орналастырылады.

Нормативтік құқықтық актіде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар жоғары деңгейде тұрған нормативтік құқықтық актіде немесе қолданысқа бұрын енгізілген бір деңгейдегі нормативтік құқықтық актіде қолданылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес келуге тиіс.";

5) 21-баптың 2-тармағының екінші бөлігі "жағдайда" деген сөзден кейін ", енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесімен" деген сөздермен толықтырылсын;

6) 28-бап мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Нормативтік құқықтық акті мәтінінің мазмұнына нормативтік құқықтық акті мәтіні мазмұнының жартысынан асатын көлемде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде, оның жаңа редакциясы қабылданады.";

7) 30-баптың 2-тармағында:

екінші бөліктегі "ресми мәтіндерін кейіннен жариялауды" деген сөздер "мәтіндерін кейіннен ресми жариялауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "жариялауды" деген сөздің алдынан "ресми" деген сөзбен толықтырылсын;

8) 47-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"47-бап. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік есебі

1. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік есебін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі жүзеге асырады. Мемлекеттік есеп мұндай актілерді орталықтандыра жинақтауды, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізуді қамтиды.

Қазақстан Республикасы Үкіметі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу тәртібін айқындайды.

Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізуге жататын нормативтік құқықтық актілердің қағазға басылған және электронды түрдегі, мемлекеттік органның мөрімен расталған немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған көшірмелерін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жібереді.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі құқықтық ақпараттың бірыңғай жүйесін жасайды, министрліктер мен басқа да орталық мемлекеттік органдарға анықтамалық-ақпараттық жұмыста көмек көрсетеді."

2-бап. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

